

## Сыныптас-құрдас, асыл досты еске алу

Иә, өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті- ақ... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, кайғының кара жаңбыры жаумас та еді-ау.

Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген Сайлау досымыздан айырылғалы да бір жыл өтіпті. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?.. «Өлшеулі өмір» дейтін халық сөзі бар. Маңдайға жазылған жазуды ешкім өзгерте алмасы анық...

2022 жылдың 3 қаңтарында жаны жұмсақ, пейілі кең Исахаев Сайлау Сатыбалдыұлы өмірден озды. Жарық жалғаннан мәңгілік бақылыққа аттанды. Артында аңыраған жары, бес баланы, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, құрдас-сыныптас достары қалды.

Бұл өмірде жайымен жүріп, жымып күліп, ағайынмен, құда-жекжатымен сыйласқан, құрдас достарымен сырнайын тартып сырласқан, өшпестей ізі қалды.

Кеше ғана жайрандап жүрген досың, Сағыныш боп түсіне енер бүгін. Шықсам деген көз салып шын-құзына, Бағыт алды көктегі жұлдызына. Алла енді амандық, сабыр берсін Туысына, жарына, ұл-қызына! Қойнына алды кара жер арда ұлын... Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнін. Топырағың торқа боп, тыныш ұйықта, Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым! Жан дос, орын жұмақтан, төсегің мамықтан болсын деген ақ ниетімізді бір Алла қабыл қылсын. Ізгі жүректі, жаны таза, мейірімді құрдасымыз, сыныптасымызды еске алып, «жаны жәннатта, тәні рахатта, орны пейіштің



төрінде болсын!» - деп, Алладан рахым тілейміз.

**Көңіл айтушылар:**  
**Дамбы селосы, Амангелді атындағы орта мектепті бірге бітірген 1967 жылғы құрдас-достары.**  
2022 жыл, желтоқсан айы

Атырау қаласының Құрметті азаматы, аяулы жар, қамқор әке, ардақты ата **Аймағамбет Бақи Сқақұлының** жыл толу дұға дастарханы 2022 жылдың 18 желтоқсан күні, сағат 12.00-де «Гранд Амир» мейрамханасында (Құрманғазы көшесі, 83) ж а й ы л а т ы н ы хабарлаймыз.

**Аймағамбет әулеті**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы Орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Жұмағазиева Салтанат Хайырлыққызына әкесі **Хайырлы Жұмағазыұлының** кенеттен өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Хабарландыру

«Атырауинжстрой-АИС» ЖШС 23.01.2023 ж. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс ы. ауданы, Жиембет көшесі, 4 үй, уақыты – сағат 11.15, келесі жобалар бойынша: «2023 жылға арналған Атырау облысы, Атырау қаласының қала маңындағы ауданында «Кенезек» саз кен орынын игерудің жұмыстары жоспарына» қоршаған ортаға әсерді бағалау. (КОК іс-шаралары, РЕЭ, ЭЭБ, КБЖ).

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция-байланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/5984402741>.

Жеке конференцияның идентификаторы: 598 440 27 41. Кіру коды: 677118zoom.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87017455732 телефонна хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «Атырауинжстрой-АИС» ЖШС, 060000, РК., Атырау облысы, Атырау қ-сы, Сарықамыс

ы.а-ны, Жиембет к-сі, 4 үй, БИН 010240004437, эл. адрес: LUDMILA1357@MAIL.RU, тел.: 8-712-226-5534.

Орындаушы: «Казгеоинжстрой» ЖШС, 060000, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық д-лы, 48. БИН: 060840007482, тел.: 8 7122 95 00 01.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы:

Жергілікті атқарушы орган – «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы», электрондық мекен-жайы: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru), тел.: 8 (7122) 32-55-09.

Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <http://atyratau.gov.kz>, [esportal.kz](http://esportal.kz) орналастырылған

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электронды мекен-жайлар бойынша қабылданады: [esportal.kz](mailto:esportal.kz), [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru).

Қосымша мағлұмат бойынша мына эл. мекен-жайдан алуға болады: [gul861201@mail.ru](mailto:gul861201@mail.ru) және 87013849619 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

## «Матен Петролеум» АҚ жобалары бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды:

1. Матен кен орнындағы № 347, 356 тік өндіру ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы
2. Матен кен орнындағы №346Н көлденең өндіру ұңғымасы құрылысының жеке техникалық жобасы
3. Матен кен орнындағы №357Н көлденең өндіру ұңғымасы құрылысының жеке техникалық жобасы
4. «Матен Петролеум» АҚ үшін 2023-2024 жылдарға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы»
5. «Матен Петролеум» АҚ үшін 2023-2024 жылдарға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау жобалары»
6. Матен кен орны «Матен Петролеум» АҚ үшін 2023-2024 жылдарға арналған рұқсат етілген шығарындылар жобасы»

**Қоғамдық тыңдауларды өткізудің басталу орны, күні және уақыты көрсетіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін**

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, мәдениет үйі, 30/01/2023, өткізілетін уақыты 15:00

Карантин жағдайында (онлайн форматта) <https://zoom.us/j/5493964940?pwd=UTBjSFYwemR2YkxUdUhhSaxJiV3dYzD09> ZOOM бағдарламасы, конференция идентификаторы: 549 396 4940 Кіру коды: 12345

## ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

### НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

2022 жылы 17 қарашада қайтыс болған **Бибеталиев Берикбайдың** мұралық ісі ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, нотариус Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы. Лицензия №0001984, 20.10.2004 ж. ҚР ӘМ

Нотариус Бекмағамбетова Айнагуль Муратовна, 19 мамыр 2022 жылы қайтыс болған **Садыхова Валентина Ивановна**, мұрагерлеріне мұралық іс ашылғандағы жөнінде хабарлайды. Мекен-жай: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 92 үй, 7 кенсе, тел.: 8 701 454 06 14.

Нотариус Бекмағамбетова Айнагуль Муратовна, лицензия №13014921, 23.09.2013 ж., Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен берілген.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 26.09.2022 жылы қайтыс болған **Уалиева Күмістің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайына нотариустің кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет селосы, Абай көшесі, №24. Тел.: 8-71(236)2-13-04. Лицензия: №0001099, 23.07.2003 ж. берілген

26.09.2022 жылы қайтыс болған **Әбу Жанарбек Кәріпұлының** атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға

хабарласулары сұралады. Миялы ауылы Абай Құнанбаев көшесі №16 үй. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» мекемесіне қарсы, телефон: 8 712 38 2-16-10. Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Галиев Бимырза Талғатович. Лицензия №0003448. 05.08.2011 жылы ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген

17.11.2022 жылы қайтыс болған **Турғалиев Анарбек Бактиғалиевичтің** атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады. Миялы ауылы Абай Құнанбаев көшесі №16 үй. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» мекемесіне қарсы, телефон: 8 712 38 2-16-10. Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Галиев Бимырза Талғатович. Лицензия №0003448. 05.08.2011 жылы ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 29.04.2019 жылы берілген №19009800 мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші Атырау облысы, Жылной ауданы, Құлсары қаласындағы нотариалдық кенесінің нотариусы Аязбаева Гульжанат Талапкерова хабарлайды:

28 шілде 2022 жылы қайтыс болған **Агисова Нурсұлу Койлыбаевна**ның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Жылной ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанова, 115.

Атырау қалалық сотының өндірісінде Ташкинов Юрий Абасвичтің, 13 қазан 1968 ж.т., хабарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қозғалған. Оның орналасу жері туралы қандай болса да ақпаратқа ие болатын барлық адамдарды жариялану күнінен бастап үш ай мерзімі ішінде 8 775 982 99 30 телефоны арқылы байланысуыңызды немесе Сәтбаев көшесі, 3а мекен-жайы бойынша Атырау қалалық сотына хабарласуыңызды сұраймыз.

Шинтаев Эдуард Рахметоллаевичтің атына берілген жер учаскесінің келісім-шарт және шешім құжаттары жоғалды.

Тапқан адам болса 8 708 595 14 87 нөміріне хабарласулары сұралады.

**Жарнама байланыс телефоны:**

**45-85-67**

**АТЫРАУ** Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС  
Бас директор **Жасын БІРКЕНОВ**  
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43, факс – 45-85-97. Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев** – 45-86-47. Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев** – 45-84-50. «Аtr.kz» сайтының редакторы – **А.Абдолов** – 45-86-50. Арнаулы тілші – **М.Куанышева** – 45-84-30.

Бөлімдер:  
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: **Шолушы – А.Сабырова**, аға тілшілер – **Д.Аруев, С.Ақтөжиева** – 45-84-01; тілші – **Б.Көкжиев**, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: **Шолушы – Г.Әмірова**, аға тілші – **Р.Өтеуғали**, тілшілер – **Л.Сейтимова, Е.Қожақанов** – 45-85-24; экология және құқықтық мәселелер: аға тілші – **М.Орғалиева**, тілшілер – **А.Қабдолов, С.Панабердиев** – 45-86-50.

фототілші – **Е.Алтыбаев** – 45-84-50.  
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова**.  
Компьютер цехі:  
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева**.  
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова**, теруші: **К.Елеусінова** – 45-84-50

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитеті мерзімі баспасөз басылымның ақпараттық агенттігін және желілік басылымды еске қою, қайта еске қою туралы 2018 жылғы 16 мамыр күні тіркеліп, тіркеу туралы №17097-Г куәлігі берілген.  
Басшысы: **«Құрмет Белгісі»** орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.  
Электрондық пошта: e-mail: [atyratau\\_gazeti@mail.ru](mailto:atyratau_gazeti@mail.ru)

\*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехінде теріліп, беттелді.  
\*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.

\* Авторлар жарияланымды пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

РР Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.

Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап береді.

Индекс: 060005 Алматы 2 рет шығады.  
**ТАРАЛЫМЫ:** 6224 дана

Нөмірдің кезекшілері:  
А.Қабдолов, С.Рамазанова, Э.Әбілқайырова

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҮДЕРІСІН, НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚҰРЫЛУЫН, ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ІЛГЕРІЛЕУ ҚАРҚЫНЫН ТӨМЕНДЕТІДІ. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА КЕРІ ӘСЕРІН ТИГІЗІП, МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БОЛАШАҚ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетімізге әлі күнге дейін үлкен нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген елдер тәрізді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстардың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заңымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын

қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныға отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал», делінген. Мұнда өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін

қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден-бір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс-жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігін маңызы зор.

Сондықтан, кез-келген ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрып, қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

### С.САМАТҰЛЫ,

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментінің заң бөлімінің басшысы

# Сыбайлас жемқорлықсыз – болашақ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Көптеген адамдар сыбайлас жемқорлық – бұл екі жақтың қарым-қатынасы және одан басқа ештеңе жоқ деп санайды. «Біреу береді, біреу пара алады. Біздің бұған ешқандай қатысымыз жоқ» деген пікір кең етек жайған. Бірақ бұл процесс бүкіл қоғамға әсер етеді және әрқайсымызға нақты қауіп төндіреді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттен одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл

құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлмыдықпен күресу болып табылады.

Егерде елімізде көзі ашық көкірегі ояу азаматтар қатары артса, міндетті түрде «сыбайлас жемқорлықсыз» болашаққа қол жеткіземіз. Сол кезде ғана экономикамыз дамып, халықтың әлауқаты жақсара түседі деп ойлаймын. Сонда ғана қоғамның мемлекетке деген сенімі мен құрметі жоғары болады.

### Айсұлу ҚАРЫМСАҚОВА,

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментінің Әлеуметтік және демография бөлімінің бас маманы